Аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті

Маяк

Районная еженедельная общественно-политическая газета

2025 жыл / год

26 қыркүйек / сентябрь

№38 (64604)

Издается со 2 августа 1939 года

Сайт акима Астраханского района: www.astrahan.akmol.kz / астрахан.мем.қаз / www.astrahan.gov.kz

КРУГЛЫЙ СТОЛ ПО РАЗЪЯСНЕНИЮ ПОСЛАНИЯ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА

В Астраханском районном филиале партии «Amanat» состоялся круглый стол, организованный первичной партийной организацией «Ветеран», посвященный разъяснению основных положений Послания Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева народу страны. В мероприятии приняли участие активные члены организации ветеранов, представители общественности.

Круглый стол открыл председатель Совета ветеранов Астраханского района Жанбырбай Орман. В своей вступительной речи он подчеркнул важность и актуальность Послания Президента, отметив, что в нем обозначены приоритетные направления развития страны на ближайшую перспективу, направленные на повышение благосостояния населения и укрепление социально-экономической стабильности.

Исполнительный секретарь партии Куралбек Сулейменов представил детальный анализ ключевых аспектов Послания, акцентировав внимание на вопросах социальной поддержки населения, развития образования и здравоохранения, стимулирования предпринимательства и улучшения инвестиционного климата. Он также подчеркнул необходимость активного участия каждого гражданина в реализации поставленных задач.

В ходе дискуссии участники круглого стола обменялись мнениями по вопросам, затронутым в Послании, и высказали свои предложения по их реализации на местном уровне. Особенно оживленная дискуссия развернулась вокруг вопросов повышения пенсий и социальных выплат, обеспечения доступности медицинских услуг и поддержки молодежи.

В завершение мероприятия участники выразили уверенность в том, что реализация Послания Президента позволит нашему Казахстану выйти на новый уровень развития и обеспечить достойное будущее для всех граждан страны. Было принято решение о проведении серии информационно-разъяснительных мероприятий среди населения с целью доведения основных положений Послания Главы государства до каждого жителя района.

Наш корр.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

АГРОӨНЕРКӘСІПТІҢ ӘЛЕУЕТІН АШУ ЖОЛДАРЫ

Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған.

Бірақ агроөнеркәсіптің орасан зор әлеуетін толық ашуға бұл шаралардың әзірге жеткіліксіз екені анық. Мәселе – қаражаттың көлемінде емес, ең бастысы, оны тиімді пайдалану қажет. Озық агроэкономикаға көшу үшін Үкіметтің нақты жоспары болуы керек. Қазір ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдейтін бірқатар ірі жоба жүзеге асырылып жатыр. Оған отандық және шетелдік инвесторлар қатысуда. Инвестицияның арқасында үш мыңнан астам жұмыс орны ашылады. Өнімдер әлемнің көптеген еліне тасымалданады. Мұндай жобалардың ауқымын кеңейту қажет. Әр аймақта дайын өнімді өңдірістен дүкен сөресіне дейін жеткізетін әрбір өңірдің ерекшелігіне қарай біртұтас желі қалыптасуы керек.

Көптеген аймақта өндірістің барлық сатысын қамтитын үздік агрокәсіпорындар бар. Оларды жұртшылық жақсы біледі. Бұл кәсіпорындар цифрландыру тәсілдерін жаппай енгізу арқылы өндірістің тиімділігін әлдеқайда арттыруда.

Үздік агрокәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімін шығарудан бастап оны терең өңдеуге дейін тұтас өндірісті толығымен жолға қойып, зор табысқа жетіп отыр. Сондықтан осындай агрохолдингтердің тәжірибесін тарату үшін барынша жағдай жасаған жөн. Бұл – құзырлы министрліктің және қоғамдық ұйымдардың міндеті. Мұндай қадам инновациялар мен ғылыми жаңалықтарды ауыл шаруашылығында кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда ең өзекті міндеттің бірі, бұл – агрохабтар және логистика орталықтарын дамыту. Атап айтқанда, шетел инвесторларымен серіктестікті нығайту керек. Бірақ бұл жерде бір нәрсені ескеру қажет: отандық кәсіпкерлер қазіргі заман талабын дұрыс түсінбесе, яғни жасанды интеллектіні қалайша тиімді пайдалануға болатынын білмесе, табысты бизнес серіктестігін құра алмайтыны анық.

Арман ЖАПАРОВ.

«ҚАРТТАРЫМЫЗДЫ ҚАМҚОРЛАЙ ЖҮРЕЙІК» АЙЛЫҚ АКЦИЯСЫНА ҚАТЫСУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

1 қазан - Халықаралық қарттар күні жақындап келеді. Бұл күн біздің аға буынға ризашылығымызды білдіріп, шынайы көңіл бөлуімізге мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың қажеттіліктеріне назар аударуға жақсы себеп. Қарияларды қолдау, оларға қамқорлық көрсету аға буынға көрсеткен парызымыздың аз ғана бөлігі. «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен жылдар бойы елімізде қазан айы «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлығы акциясына ұласып келеді. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Елімізде қарт адамдарға деген қамқорлық жыл сайын артуда.

Мемлекетіміз қарт адамдарға деген қамқорлықты экономикалық дағдарыс кезінде де тоқтатқан емес. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар бар.

Әлемді жайлаған экономикалық қиындықтар біздің елімізді де айналып өткен жоқ. Бүкіл әлем күрделі әрі маңызды кезеңді бастан өткізуде.

Кейбір қариялар жасы ұлғайған шағында жылулық пен мейірімге зәру. Барлық қазақстандықтарды, жұмыс берушілерді, бизнес құрылым өкілдерін, аға буынның ел игілігіне қосқан еселі еңбегін ұлықтауға, «Қарттарымызды қамқорлай жүрейік» айлық акциясына атсалысуға шақырамыз.

Өз елінің патриоты ретінде акцияға бей-жай қарамайтын азаматтар жергілікті әкімдіктермен, өңірлік ардагерлер кеңестерімен байланысқа шығып үлестеріңізді қосыңыздар.

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің орталық кеңесі.

ҚАРТТАР МЕН МҮГЕДЕКТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЙЛЫҒЫН ӨТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

1 қазан қарттар мен мүгедектерге арналған мерекелік концерт.

8 қазан шахмат-дойбы жарысын өткізу (қатысушылар – зейнеткерлер мен жастар).

9 қазан облыстық амбулаториялық-емханалық қызмет көрсету ұйымдарында майдан еңбеккерлері, зейнеткерлер мен мүгедек жандарға арналған тегін кеңес беру бойынша «Ашық есік күні» акциясы.

9 қазан «Сағындырған әндер-ай» ретро-фестивалі.

10 қазан Первомайка ауылындағы Арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығында тұратын қарттар мен мүгедек жандарға арналған мерекелік концерт.

15 қазан «Активное долголетие» қозғалысы аясында «Белсенді ұзақ өмір» клубының ашылуы.

17 қазан «Алтын ұрпақ - 2025» аудандық байқауы.

17 қазан егде жастағы әйелдерге, емдік дене шынықтыру (ЛФК) қатысушыларына арналған практикалық спорттық жаттығулар.

18 қазан нарықтық бағадан төмен бағамен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бойынша ауыл шаруашылық жәрмеңкесін өткізу.

28 қазан «Арман асулары» инклюзивті фестивалі.

28 қазан Әлеуметтік сала қызметкерлері күніне арналған мерекелік концерт.

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЙ ПО ПРОВЕДЕНИЮ МЕСЯЧНИКА СОЦИАЛЬНОЙ ПОДДЕРЖКИ ПОЖИЛЫХ ЛЮДЕЙ И ЛИЦ С ИНВАЛИДНОСТЬЮ

1 октября праздничный концерт для пожилых людей и лиц с инвалидностью.

8 октября проведение шахматно-шашечного турнира (участники - лица пенсионного возраста и молодежь).

9 октября проведение в организациях амбулаторно-поликлинической службы области акции «День открытых дверей» для бесплатных консультаций тружеников тыла, пенсионеров и лиц с инвалидностью.

9 октября ретро-фестиваль «Сағындырған әндер-ай».

10 октября проведение праздничного концерта для пожилых людей и лиц с инвалидностью, проживающих в Центре оказания специальных социальных услуг села Первомайка.

15 октября открытие клуба «Белсенді ұзақ өмір» в рамках движения «Активное долголетие».

17 октября районный конкурс «Алтын ұрпақ - 2025».

17 октября практические спортивные занятия для женщин преклонного возраста, участников ЛФК.

18 октября сельскохозяйственная ярмарка по ценам ниже рыночных на социально-значимую продовольственную продукцию.

28 октября инклюзивный фестиваль «Арман асулары».

28 октября праздничный концерт, посвященный Дню работников социальной сферы.